

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 желтоқсандағы N 1818 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 10 наурыздағы N 194

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Ауыл шаруашылығы жобаларын қоса қаржыландыруды жүзеге асыру туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 желтоқсандағы N 1818 Р971818_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақта:

екінші абзацтағы "ұзақ мерзімді" және "(бес жылға дейін)" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бюджет қаражатының қайтарылуының шекті мерзімі 5 жыл деп белгіленсін";

аталған қаулымен бекітілген Ауыл шаруашылығы жобаларын қоса қаржыландыруды жүзеге асырудың шарттары мен тәртібінде;

2-тармақтағы "ұзақ мерзімді (бес жылға дейін)" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бюджет қаражатының қайтарылуының шекті мерзімі 5 жыл деп белгіленсін";

4-тармақта:

"процентсіз негізде" деген сөздер "сыйақысыз (мүддесіз)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша және оған қосымша жылдық екі процентпен" деген сөздер "жылына 20 процентке дейін ставкасы бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бұл ретте проценттік ставка жылдық 20 проценттен аспауы тиіс" деген сөздер алынып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Банктер несие ресурстарын түпкілікті заемшыларға Қазақстан Республикасының

қолданылып жүрген заңдарына сәйкес кепілдікпен қамтамасыз етуге бес жылға дейін мерзімге сыйақысы (мүддесі) жылына 10 проценттен аспайтын ставка бойынша, сыйақыны (мүддені) бірінші жылдан бастап, негізгі борышты - тең үлестермен, несиелендіру мерзімінің екінші жартысынан бастап төлей отырып, түпкілікті заемшының

келісімімен негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеуге мүмкіншілік бере отырып береді.

Төлемдер жылына бір рет - әр жылдың 1 желтоқсанында жүзеге асырылады;

9-тармақ алып тасталынсын;

10-тармақта:

"сатып алуға" деген сөздерден кейін "сақтандыру компаниясына несие алынған қызмет түрі бойынша сақтандыру төлемін төлеуге" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жеке айналым қаражатын толықтыруға несие бүкіл несиелендіру мерзімінің ішінде бір жылдан аспайтын мерзімге берілсін (револьверлі);

13-тармақтағы "30000 (отыз мың)" деген сөздер "50000 (елу мың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақтағы "30000 (отыз мың)" деген сөздер "50000 (елу мың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қызметі ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен байланысты ұйымдарға ауыл шаруашылығы жобаларын қоса қаржыландыру бағдарламасына қатысу құқығы берілсін";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Қаржымині, Ауылшармині және Банктер арасында жасалатын несие келісімдерінде (келісім шарттарында) "Банктердің несие ресурстарын мақсатқа сай пайдаланбағаны үшін Қаржымині барлық несие сомасының 25 проценті мөлшерінде айыппұл есептейді";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Қаржымині, Ауылшармині және Банктер арасында жасалатын несие келісімдерінде (келісім-шарттарында) "Несие ресурстарын:

Банктердің мақсатқа сай пайдаланбауы фактісі анықталған жағдайда - олар несие ресурстары ретінде пайдаланылатын бюджет қаражатының бүкіл сомасын және айыппұл санкциясы сомасын үш банктік күн ішінде Қаржыминінің есебіне аударуға міндетті;

Заемшылардың мақсатқа сай пайдаланбағаны фактісі анықталған жағдайда - Банктер заемшылардан үш банктік күн ішінде несие ресурстарының бүкіл сомасын және айыппұл санкциялары сомасын өндіріп алуға және несие ресурстары ретінде пайдаланылатын бюджет қаражатын және айыппұл санкцияларының тиісті сомасын Қаржыминінің шотына аударуға міндетті" деген тармақ міндетті түрде көзделетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі